

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

30.12.2024 жыл

Қатысқандар: АҚ төрағасы – аға оқытушы Әбсаттар С., АҚ мүшесі, PhD, академиялық персонал – Тажибаев Р., АҚ мүшесі, PhD, академиялық персонал – Анламасова М., АҚ мүшесі, саяси ғ.к. академиялық персонал – Нысанбаева А., академиялық персонал – PhD, Исаев М., академиялық персонал – PhD, Қалдыбай Қайнар., академиялық персонал – аға оқытушы Сержан О., АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Аралбеков Н., АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Халықов М., АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Женгизхан Жаналтай (онлайн зум арқылы), АҚ мүшелері, білімгерлер өкілдері – Бердибекұлы М., Рысбайқызы А., Мұстафа Санжар Ышын, Райымқұл А.

Күн тәртібі:

1. Бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ-лары бойынша аудит өткізу
2. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру
3. Бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ-лары бойынша аудит нәтижелері бойынша шешімдер қабылдау
4. Қараша- желтоқсан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АҚ төрағасы Әбсаттар С.: Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша 6B031 Әлеуметтік ғылымдар даярлау бағыты бойынша бакалавр деңгейінде 6B03138-Халықаралық қатынастар және 6B03187-Психология-Дінтану Білім беру бағдарламалары, 7M031 Әлеуметтік ғылымдар даярлау бағыты магистратура деңгейінде 7M03117 Саясаттану және 7M03140 Халықаралық қатынастар Білім беру бағдарламалары кіреді және осы ББ-лар бойынша 2024-2025 қараша-желтоқсан айларында өткізілген ішкі аудит нәтижелерін талдауды ұсынды. Аудит барысында басты назар аударылған мәселелер: Бағыт бойынша бакалавр және магистратура деңгейіндегі барлық бағдарламалар үшін ең алдымен білімгерлерді даярлаудың заманауи талаптарына сәйкестігін, сапасын талдау өте маңызды болып саналады. Кәсіби құзіреттер мен еңбек нарығының заманауи талаптары арасындағы байланыстың болуына баса назар аударылды. Тәжірибелі оқытушы профессорлар құрамының ББ-ларды әзірлеу тобына семинарлар ұйымдастыруы да назардан тыс қалмады.

Сөз кезегін АҚ мүшесі, академиялық персонал, Анламасова М. алды:

Бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ-ларға аудит өткізу барысында 6B03138, 7M03140 Халықаралық қатынастар Білім беру бағдарламалары бойынша білімгерлерді даярлауда теориялық және практикалық даярлаудың ұштастырылуына үлкен маңыз берілді деп атап көрсетті. Міндетті және таңдау компонентеріндегі пәндердің жұмыс берушілердің талап-тілектері мен еңбек нарығының талаптарына сәйкес болуы басты назарда болды. Сонымен қатар аталған ББ-лар бойынша білімгерлерді даярлауда заманауи

оқыту әдістері мен цифрлы білім беру құралдарын пайдалану да үлкен маңызға ие екендігін атап көрсетті. Аудит нәтижесінде аталған критерийлер бойынша Білім беру бағдарламаларын бағалау жүзеге асырылды. .

Сөз кезегін АҚ мүшесі, академиялық персонал, Исаев М. алды

2024-2025 оқу жылына 6В03187-Психология-Дінтану Білім беру бағдарламасы бойынша аудит нәтижесінде басты назар аударатын мәселелер: ББ бойынша шетеолдік университеттермен академиялық алмасу (мобильділік) бағдарламаларының болуы, көптілді білім беру және жұмыс берушілер мен сала мамандарымен ББ жетілдіру бойынша үнемі байланыста болу, еңбек нарығының жаңа талаптарына қарай икемделу басты критерийлер болып табылады деген пікірін білдірді. Осыған орай жұмыс берушілердің талап тілектерін білу мақсатында Түркістан облысы әкімдігі Дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу» орталығының директоры М. Халықовтың қолдауымен кадр даярлау нарығындағы талаптар туралы жұмыс берушілер үшін сауалнама жүргізілгендігін және келесі уақыттарда жұмыс беруші өкілдерінің ұсыныстары ББ дайындауды баса назарға алынатындығын жеткізді.

АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Аралбеков Н.:

Қазіргі таңда аудит барысында ББ жақсарту және жетілдіру мақсатында, аудит нәтижелерін талдай келе, жас мамандарды мемлекеттік қызметке дайындау, жоғары деңгейді жауапкершілік, жастар арасында қоғамдық дамудың жалпы заңдарын, ішкі және сыртқы факторлардың, олардың компоненттерінің өзара іс-қимылын, жұмыс істеуін, дамуын, негізгі процестерді білу, отбасылық және жастар мәселелермен жұмыс істей білу, алынған ақпаратты синтездей және талдай білу, Ақпараттық технологиялар саласында білімі мен іскерлігі, дербес компьютер мен ақпараттық технологиялар, Деректер базалары мүмкіндіктерін пайдалану, ақпаратты көрнекі түрде- зерттеулердің нәтижелерін ұсыну жұмыстарымен үйрету бұл дағдыларды қалыптастыру керекпіз деген пікірін жеткізді.

АҚ мүшесі, академиялық персонал – Нысанбаева А.:

Бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ-ларға аудит өткізу барысында 7М03117-Саясаттану Білім беру бағдарламасы бойынша білімгерлерді даярлауда теолриялық және практикалық даярлаудың ұштастырылуына үлкен маңыз берілді деп атап көрсетті. Міндетті және таңдау компонентеріндегі пәндердің жұмыс берушілердің талап-тілектері мен еңбек нарығының талаптарына сәйкес болуы басты назарда болды. Сонымен қатар аталған ББ-лар бойынша білімгерлерді даярлауда заманауи оқыту әдістері мен цифрлы білім беру құралдарын пайдалану да үлкен маңызға ие екендігін атап көрсетті. Қазіргі таңда оқыту тәжірибесінде кеңінен қолданысқа енгізіліп жатқан цифрлы Жасанды Интеллект құралдарын пайдалана отырып білім беру мәселелеріне тоқталды. Аудит нәтижесінде аталған критерийлер бойынша Білім беру бағдарламаларын бағалау жүзеге асырылды

АҚ төрағасы Әбсаттар С.: Аудит нәтижелері бойынша білім беру бағдарламасын жетілдіру, оны жанарту және халықаралық стандарттар мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестендіру бойынша Университет Академиялық комитетіне ұсыныстар әзірленеді деген пікірін білдірді.

Шешім:

1. 2024-2025 оқу жылында Бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ-лары бойынша аудит нәтижелері бойынша Университет Академиялық комитетіне ұсыныстар әзірленсін.

2. Аудит нәтижелері бойынша бойынша Білім беру бағдарламаларын даярлауда Академиялық комитеті мүшелерінің ББ-ларды жақсарту және жетілдіру бойынша ұсыныстары назарға алынсын .

Мәжіліс төрағасы:



Әбсаттар С.

Хатшысы:



Нысанбаева А.